

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДА ЛИЗИНГТІҢ ДАМУЫ

Сағындық Айша Нұрланқызы

a.n.sagyndyk@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - аға оқытушы Хамитхан Н.

Лизинг – бұл лизинг берушінің (жалға берушінің) өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ЭЕМ, ұйымдастыру техникаларды, өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға (жалгерге) лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шарты. Машиналарды, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын, өндірістік мақсаттағы ғимараттарды ұзақ мерзімге жалдаған жалға алушы мүліктерді пайдалану шамасы бойынша борыштарын бірте-бірте өтеуі; лизингтік келісімшарт мерзімінің аяқталуы бойынша: жалға алушы қалдық құны бойынша құрал-жабдықтарды сатып алуы, мерзімін ұзартуы, материалдық құндылықтарды қайтаруы мүмкін.

Лизинг сөзі «to lease» ағылшын етістігінен аударғанда «жалға беру» беруде екі тарап қатысса: жалға беруші және алушы болса, ал лизингте үш қатысушы: лизинг беруші, лизинг алушы және жабдықтаушы болады [1].

Тарихта лизингке ұқсас операцияның б.э.2000 жылдай бұрын ертедегі Вавильонда жасалғандығы белгілі болғанмен, шетелдік зерттеушілер лизинг операциясының жасалғандығы туралы нақты зерттеулер ретінде 1877 жылы «Белл Телефон Компани» деген американдық компанияның телефондарды сатудың орнына жалға бергендігін тілге тиек етеді. «Юнайтед Стейтс лизинг корп.» атты алғашқы лизингтік компания 1952 жылы Сан Францискода (АҚШ) құрылған. Европада 1962 жылы «Дойче лизинг ГМБХ» деген бірінші лизингтік компания Дюссельдорфта (Германия) пайда болыпты. 1972 жылдан бері еуропа лизинг нарығы дамып келеді.

Лизингтік мәмілелердің бірнеше түрлері бар. Барлық лизингтік операциялар екі түрге бөлінеді: шұғыл және қаржылық лизингтер.

1. Шұғыл лизинг – бұл мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайды.

2. Қаржы лизингі – бұл уақытша пайдалануға берген лизинг затының мерзімі ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады. Қаржылық лизинг – бұл мүліктің толық құнын төлеп алатын мүліктің түрін жалға беру, онда уақытша пайдалануға берілген мүліктің мерзімі шамамен мүліктің амортизацияланатын және пайдаланатын мерзіміне жақын болады.

Қазақстанда лизингтік қызмет нарығы 2000 жылдан бастап белсенді түрде дамыды. Бұған байланысты лизингтік келісімдердің 100% мемлекеттің қатысуымен құрылған лизингтік компанияларға тиді. Ол компаниялардың құрылу себептерінің бірі үкімет жасаған ауылды жердегі әлеуметтік мәселелерді шешу бағдарламасы болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстанда қаржы нарығының бір секторы – қаржылық лизинг.

Лизингтік бизнестің біздің елімізде дамуын 4 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1 кезең (1989 – 1992 жж.) Республикамыздағы лизингтік бизнесінің туындауы. Бұл этапта бірінші рет елімізде лизингтік компаниялар құрылды. Лизингтік фирмалар мен кейбір коммерциялық банктер лизингтік операцияларды жеке түрде және аздаған көлемдерде жүзеге асырды.

2 кезең (1992 – 1994 жж.) Ішкі нарықтағы жарамсыз экономикалық жағдайларға байланысты лизингтік бизнестің үдеуінің төмендеуі.

3 кезең (1995 – 1999 жж.) Қайта даму этапы, лизингтік бизнесті ынталандыру үшін мемлекеттік қолдаудың қолға алынуы.

4 кезең (2000ж. – осы уақытқа дейін) Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі» туралы заңы қабылданып, лизингтің одан әрі өркендеп, дамуы [2].

Көрсетілген кезеңдерді 2004 жыл және одан жоғары жылдар деп толықтыруға болады. Себебі, 2004 жылдың қаңтар айында «Қаржылық лизинг туралы» ҚР-ның Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені белгілі. Ондағы ең маңызды өзгерістердің бірі лизинг алушылардың лизинг бойынша есептелінген сыйақы сомаларын толық көледе салық салынатын табыстан щегеру құқығының берілуі және лизингке беру мақсатында сырттан әкелінетін құрылғылардың импорты кезінде ҚҚС-нан босатылғандығы болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда қаржыландыру көздеріне байланысты концептуалдық жоспарда 4 негізгі лизингті ұйымдастырудың бағыттары көрсетілген:

- Мемлекеттік лизинг – мемлекеттің бюджетінің есебінен іске асырылатын лизинг.
- Коммуналдық (муниципалдық) лизинг – бұл жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын лизинг.


- Коммерциялық лизинг – лизингтік компаниялар және банктердің есебінен немесе қарыз алған субъектінің қорларының есебінен толық қаржыландырылатын лизинг.

- Аралас лизинг немесе мемлекет және коммерциялық компаниялардың белгілі бір үлесінің қатысуымен болатын лизинг. Бұл кезде мемлекеттік және жергілікті органдар: үкімет, министрліктер, ведомствалар, облыстық және аудандық әкімшіліктер, не гарант ретінде, не лизингтік келісімнің белгілі бір бөлігін бюджеттерінен қаржыландырады.

Қазақстан Республикасындағы лизингтік нарық көлемінің жыл сайын өсіп отырғанына қарамастан, оның инвестиция мен жалпы ішкі өнім көлеміндегі үлесінің басқа елдермен салыстырғанда өте төмен болуына экономиканың даму деңгейіне де әсер етеді.

ҚР Ұлттық экономикасы Министрлігінің статистика бойынша Комитеті жүргізген 2014 ж. зерттеу мәліметтеріне сүйенсек:


- Қаржылық лизингтік шарттар жалпы құны – 128,6 млрд. теңгені құрады.
- Жаңа лизингтік шарттар саны – 5600-ге жетті.



Ескерту автормен құрастырылған [4]

Сурет 1- 2010-2014жж. Лизинг келісім шарты

Нарық құрамында лизингтік құралдар бойынша негізгі үлесті мемлекеттік лизингтік компаниялар қаржыландыратын секторлар қамтиды. Бірінші орында – ауыл шаруашылық құрал-жабдықтар мен мал, көлік құрылыс пен металлургиялық жабдықтар, сонымен қатар медициналық құрал-жабдықтар. Басқа көлік пен құрал-жабдықтар үлесі 3% пунктқа көтеріліп, 83%-ды құрады. Автотранспорт үлесі – 15%.




Ескерту автормен құрастырылған [4]

Сурет 2- Лизингпен берілген құрал-жабдықтар

Сұранысқа ие салалар қатарына мыналар жатады:

- Ауыл, орман және балық шаруашылықтары – 58 %;
- Өңдеу өнеркәсібі - 11 %;
- Көлік пен қоймалау – 10 %;
- Ақпарат пен байланыс – 7 %;
- Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер – 3 %.



Сурет 3- Лизинг берілген салалар

Ескерту автормен құрастырылған [4]

2014 ж. ең белсенді болған – Астана, Алматы қалаларының және Ақмола облысының лизингтік компаниялары, сәйкесінше жалпыреспубликалық көлемде лизингтік шарттар құны – 67,4%, 23,1% және 7,3 %.

Лизинг негізгі құралдарды тарту мақсатында кәсіпкерлердің ұзақ мерзімді қаржыландыру көзі болып табылады. 2014 ж. мәліметтері бойынша лизинг құралдарының 64%-ы 6 жылдан көп мерзімге, 36 %-ы 3 жылдан 6 жылға дейін тартылды.

2012 жылға дейін лизинг салыстырмалы түрде арзан қаржыландыру көзі болған, алайда соңғы жылдары қаржылық лизинг қымбаттай түсті. 2013-2014 ж. шарттардың 75%-ы – 10-14 % ставкамен, ал 20 %-ы – 10 %-ға дейінгі ставкамен жасалды.

2014 ж. мемлекет қатысуымен 3 компания алдыңғы қатарлы орынды алды:

- «БРК-Лизинг»;
- «КазАгроФинанс»;
- «КазМедТех».

Нарық лидері болып «КазАгроФинанс» табылады. Қазіргі таңда бұл – ауыл шаруашылық саласындағы ірі лизингтік шарттар көлеміне ие жалғыз компания. Оның үлесіне жаңа бизнестің 70 %-ы және ағымдағы жиынтық портфелінің 74 %-ы тиесілі. 2014 ж. нәтижелері бойынша өсу динамикасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 30%-ды құрады.

«БРК-Лизинг» «Өнімділік-2020» бағдарламасы аясында бизнеске қолдау көрсетеді, компания ірі масштабты проектерді инвестициялауға бағытталған. Сонымен қатар, компания басымды түрде өңдеу өнеркәсібіне көңіл бөледі, өнімділік пен көлік инфрақұрылым салалар аясында жұмыс атқарады.

«КазМедТех» ауруханаларды медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуін қаржыландырады. Компания нарықта салыстырмалы түрде жақында жұмыс атқарады. Бұл лизинг нарығының саласы басқа нарық қатысушыларының аз меңгерген аясы болып табылады. Компанияның лизингтік портфелінің ұлғаюы 70%-ды құрады.

ҚР Үкіметі қаржылық лизинг дамуына және қол жетімділік деңгейінің жоғарлауына Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында субсидиялаудың құралы сыйақы ставкасы көмегімен үлес қосады. 2015ж. тамыз айына қарай субсидиялаумен 11,6 млрд теңге құнымен 227 лизингтік шарттар жасалды.

Сонымен қатар, «Даму» бизнесті дамыту қоры» АҚ ақша қаражаттары арқылы 294 кәсіпорындар 8,1 млрд теңгеге қаржыландырылды [3]. Осылайша, лизинг Қазақстанның қаржылық қызметтер нарығында өз рөлін нығайту үстінде.

Қазақстанда лизингтік нарық жұмыс істейді және лизингтік индустрия дамудың әлі бірінші кезеңінде деп айтуымызға болады. Сонымен бірге, кез-келген саланың, соның ішінде лизингтік саланың да дамуы, экономиканың жалпы жағдайымен, нарықтық инфрақұрылымның дамуына үлкен әсерін тигізетіні бәріне мәлім. Ал Қазақстан Республикасында қазіргі кезде жұмыс жасап жатқан лизингтік компаниялар бірлесе отырып белгілі бір жобаларды іске асыруға қатысып отырған жоқ, олардың бірлестігі көбінесе, елдегі лизингтік бизнесті дамытумен байланысты заңдардың қабылдануына әсер етуімен шектелуде. Бірақ лизингтік компаниялар тарапынан байқалған осындай бірлескен жұмыстардың да Қазақстандағы лизингтік қатынастардың қалыптасу кезеңіндегі маңыздылығы өте жоғары.

Лизинг дамуының бастапқы кезеңінде мемлекет көмек көрсетуі тиіс. Салықтық жеңілдіктер, кедендік баждардан босату, т.б. шетел тәжірибесі көрсеткендей мемлекеттің қолдауымен ғана лизинг дамыса, онымен бірге бәсекелестік дамиды. Қазіргі күні, өкінішке орай, нарық заңына сәйкес лизингтік келісімдегі әр жақ өз пайдасын табуды ойлайды. Бұл жағдай елімізде лизингтік қатынастардың дамуына үлкен ықпал етеді. Сонымен бірге, Қазақстанда лизингтің дамуына лизинг туралы мәліметтердің аздығы.

Лизингтік қатынастардың Қазақстан Республикасында болашағы бар нарықтарды белгілі-бір сегменттерге бөліп қарастыру арқылы лизингтік компаниялардың қосымша қызметтерін дамыту стратегиясын жасау керек. Олар неғұрлым перспективті клиенттерді өздері іздестіріп, оларға өз қызметтерін ұсынулары және инвестициялық жобаларды таңдау, бағалау үрдістеріне белсенді түрде қатысуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктердің операциялары. Оқуқұралы. Алматы. Издат-маркет. 2004ж.
2. Тагашев И.Е. «Организационно-экономические аспекты использования лизинга в сельском хозяйстве». Автореферат. Алматы 2009ж.
3. Смагулов А. «Организационно-экономический механизм и проблемы развития лизинга в Казахстане». Автореферат. Алматы 2007ж.
4. <http://www.minfin.kz>